

АҚСЕЛЕУ

Базарбек ТҮКІБАЙ, Қазақстан Журналистер одағының мүшесі:

Ақселеу Сейдімбектің өмірден озғанына да міне, алты жыл болып қалыпты. Бірақ дәл осылай, өткен шақпен сөйлеуге мүжбүрміз. Себебі, Алаштың Ақселеуінің орны бөлек: өлімге қимайтын, ағайынның құшағына сыймайтын асыл Әке, абыз Ата, ұлы ұстаз, біртуар ғалым еді.

Біз бүгін «Мәңгі Ел» халықаралық ғылыми-көпшілік тарихи журналы атынан есімі мәңгі өшпес дара тұлға туралы көзкөрген, сыйлас жандардың пікірлерін жинақтап, оқырман назарына ұсынғанды жөн көрдік. Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев пен Ақселеу Сейдімбектің кезінде Теміртау қаласында басталған сыйластық қарым-қатынастары өмір бойы жарасымды жалғасын тауып келді.

Оған Ахаңның қазасына орай Президенттің елге, халқына, ағайын-туыстарына арнайы жолдаған көңіл айтуы дәлел. Онда былай делінген: «...Белгілі қаламгер, этнограф ғалым, халқымыздың үлкен жүректі ұлтжанды азаматы. Ол жан-жақты дарын иесі ретінде өзінің бүкіл білімі мен қажыр-қайратын туған халқының пайдасына бағыштап, мейлінше мақсатты әрі жемісті еңбек ете білген аса қадірлі тұлға еді. Сол себепті төл мәдениетімізді жаңғыртып, өсіп-өркендеуіне мол үлес қосып, өзінің айшықты ізін қалдырды: еңбегімен халқымыздың зор құрметіне және сүйіспеншілігіне бөленді: онымен жастай танысып, сыйлас-пікірлес болғанымды ұмытпаймын. Ұлт руханиятының үлкен жанашыры әрі шынайы жоқтаушысы болған ардақты азаматтың еңбегі мен жарқын дидары халқымыздың әрдайым жүрегінде сақталады деп сенемін!»

Әбіш КЕКІЛБАЕВ, мемлекет және қоғам қайраткері, Қазақстанның халық жазушысы:

...Мынау сахарамызды түгел шолып, сыр-сипатымызды тегіс қамтып, қат-қабат тарихымызды терең қаузап, дүлдүл оймен, ділмар тілмен толғайтын дана ғалым, сұңғыла білімпаз, сүлей суреткер қайран Ақселеу енді ортамызда жоқ. Атар таңның жарығы себездеп, айналаны нұрға бөктіріп, аймандайы жарқырап, аққан жұлдыздай көзден ғайып болатын ой үш ұйықтасақ түсімізге кірмепті. Аймандай төсін айқара ашып, көкке саусақтарын салалай тарақтап, әр сөзін сақадай салмақтап, шалқая қарап, шабыттана сөйлеп тұрғаны кеше ғана емес пе еді.

Қазақта «Сал қандай болады? Ақселеудей болады; Сері қандай болады? Ақселеудей болады; Би қандай болады? Ақселеудей болады; Батыр қандай

болады? Ақселеудей болады; Пір қандай болады? Ақселеудей болады; Қазақтың жақсысы мен жайсаңы бәрі қандай болады? Ақселеудей болады; Қазақтың кәдепті қызыл нары қандай болады? Ақселеудей болады...

Бәрінің орнына бір ғана Ақселеу жүре алады, ал, Ақселеудің орнына кім жүре алады?! Ешкім де емес, тек Ақселеудің өзі жүре алады.

Әкім ТАРАЗИ, жазушы:

Ахаң жүз елу, екі жүздей қызметкері бар тұтас бір Академияның 10-20 жылда жасайтын ғылыми-зерттеулерін айналдырған бір-екі жылдың ішінде еңсеріп тастайтын. Сонау бір жылдары қазақ жік-жікке, ру-руға бөлініп жүргенін көріп, содан шығудың жолын іздестіріп, бар қазақ бір атадан тарағанын, яғни «қарға тамырлы қазақ екендігін» дәлелдеп, онысын ұзақ жылдардағы ғылыми еңбектеріне арқау етті.

Астана қаласы әкімдігіне рахмет, Ақселеудің атына мектеп атын берді, бюсті қойылған мұражай бар. Оның ішінде Ахаңның көзі тірісінде тұтынған заттары: өз қолымен жасаған домбырасы, торсығы, тартқан қобызы мен шаңқобызы, шақшасы, тіпті киген киімі мен аяқ киіміне дейін қойылған. Ахаңның жанұялық суреттерімен қоса, жас кезінде, қызмет бабында түскен суреттері ілінген. Мұражай ішіне кірген адам Ахаңның рухын жанымен сезінгендей әсерде қалады.

Иманғали ТАСМАҒАМБЕТОВ, ҚР Қорғаныс министрі:

Азаматтығы айрықша асқақ Ақселеу ағамызды, адамгершілігі биік текті тұлғамызды, асыл қазынамызды, қимас жүрек қимасымызды аяусыз ажал арамыздан алып кетті. Ортамыз ойсырап, жанымыз сырқырап, жүрегіміз қан жылап қалды.

Жаңаарқа тәрізді киелі өңірдің талантты перзенті, тумысы бөлек ерекше дарын, даусы сұлулықтың үлгісіндей болған Ақселеу Сейдімбек халқымыздың өр рухының, өнегелі салтының, өрелі халқының өкілі еді. Дегдар жазушы, шежіреші, ғұлама ғалым, сазгер және дәулескер күйші, қабырғалы қаламгердің халқының мәдениеті мен әдебиетіне, өнері мен ән-күйіне, ділі мен біліміне қосқан еңбегі ұшан-теңіз. Сырбаздықтан сұлулыққа суарылған шын зергердің қолынан шыққандай әсер-қуат алатын күшті көсемсөздігі мен еңбекқорлығы бүгінгі және ертеңгі ұрпақтың көкірек көзін ашу үстіндегі кәусар бұлақ...

Қойшығара САЛҒАРАҰЛЫ, жазушы-ғалым:

Бір өзінің бойында тұтас қазақ ұлтының асыл қасиеттері, шежіре-дастандары, екі дәуірдің тарихы сақталған Ақселеу Сейдімбексіз тәуелсіз елдің алты жылы өтті. Бірақ осы алты жыл ішінде ұлттық тақырыптағы мәселені жетер жеріне жеткізе айтып жатқан адамдар табылып жатса да, дәл Ахаңдай әдемі жеткізген адам болған жоқ.

Мен болмысымнан тұйық адаммын, ал Ақселеу ерекше еді. Ол жүрген жерінде, бірге отырған жиналыстарда сол ортаға ерекше ықпал етіп, әдемі әңгімемен үйіріп әкететін...Сағындық...

Майра МАКИБАЙ, кітапханашы:

Менің Ахаңның қазақи болмысына, журналист, жазушы, ғалым, тарихшы, этнограф, мәдениеттанушы сынды адами қасиеттеріне, ел үшін атқарған өлшеусіз қызметіне ден қойып жүргеніме 40 жылдан аса уақыт өтіпті.

Қарағандыда екінші университеттің негізі қалана бастаған кез болатын. Мен сонда кооператив университетінде оқып жүрген студент едім. Бірде оқу орнымызда «Жолдастық, достық, махаббат» деген тақырыпта диспут өтетін болды. Кездесуге талантты журналист Ақселеу Сейдімбектің келетінін алдын-ала біліп алдық. Сол жиында ол: «Өмірде кездесетін, басқа проблемалардан оқшау тұратын, мәртебесі де биік мәңгілік тақырыптар болады. Ол – жолдастық, достық, махаббат. Адам адам болғалы бұл тақырып еш көмескі тартпастан, тот баспастан аяулы қасиеттердің бірі болып келе жатқаны аян. Өйткені бұл – адамзат болмысына ғана лайық ғажайып қасиет. Аристотель мен Платон, Шоқан мен Достоевский арасындағы достық, Джулеттаның Ромеоға деген, Баянның Қозыға деген мөлдір махаббаты, Нүркеннің, Әлияның, Мәншүктің туған жеріне, еліне деген сезімдері.... Міне, мұның бәрі қай кезде болса да еншісіне олқы келмеген, ғасырлар өтсе де жақұттай жарқырап, үлгі-өнеге бола білетін асыл қасиеттер. Достық, жолдастық деген біздің өміріміздің бөлінбес бір бөлігі. Бізге сүйген жар қымбат, махаббат қымбат. Ал, Отанға, туған жерге деген аяулы сезім, адамзат атаулыға деген туысқандық пейіл – біздің өміріміздің символы. Бұл сырласу кешін талай нақты істермен одан әрі мәнерлі де мәнді, сырлы да сәнді етіп жалғастыратындарыңызға сенімдімін», – деді.

Ернар АҚСЕЛЕУҰЛЫ:

Әкеміз қайтқаннан бергі жылдың ішінде елімізде әкейге қатысты ауқымды шаралар аз атқарылған жоқ. Туған жерінде 70 жылдық еске алу тойы өтті. Астананың төрінен тамаша мектепке аты берілді. Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде кабинеті бар және жыл сайын

журналистердің төл мерекесі қарсаңында тастаяқтан республикалық турнир өткізеді. Мерзімді басылымдар жарыса жазып жатыр. Бұл біз үшін үлкен қуаныш.

Әкем қазақты бар жанымен сүйді: қазақтың бүкіл мәдениетін, салт-дәстүрін терең зерттегеніне өзім куәмін. Талай рет таңды аты-ра бірге отырып сырласатын едік. Бар ғұмырын қазақ өмірін терең зерттеп, оны бойына сіңіріп, сіңірілген дүниені өзінің бойында қалдырмай қазақ халқына әр қырынан бере білді. Әкеміздің атындағы мектеп пен өмірінің соңында еңбек еткен ЕҰУ-дан алдағы уақытта қазақ халқы үшін еңбек ететін ұл-қыздардың көптеп шығатынына кәміл сенемін.